

**«Ақтөбе облысының білім басқармасының
Әйтеке би ауданының білім бөлімі» Милы бастауыш
білім беретін мектебі жанындағы
«Шұғыла» шағын орталығы**

**«Шұғыла» шағын орталығының
өзін-өзі бағалау қорытынды
анықтамасы.**

**«Ақтөбе облысының білім басқармасының Әйтеке би ауданының білім бөлімі»
Миы бастауыш білім беретін мектебі жанындағы «Шұғыла» шағын орталығының
мемлекеттік өзін-өзі бағалау қорытынды анықтамасы.**

2025 ж.

«Шұғыла» шағын орталығында Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 59 бабының 4-1 тармақшасы негізінде және 2025 жылғы 31 қаңтарда өткізілген кезектен тыс педагогикалық кеңестің (№4 хаттамасы) шешімі негізінде 2025 жылдың 30.01 аралығында шағын орталықта өзін-өзі бағалау жұмысы ұйымдастырылды.

Өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізу үшін шағын орталықтың 2025 жылғы 29 қыркүйектегі № 3-н/қ бұйрығымен комиссия құрамы төмендегідей құрылды:

- 1) Шалабаева Ж.С. -комиссия төрайымы, мектеп меңгерушісі
- 2) Төлебаева Г.С. ш/о тәрбиешісі, комиссия мүшесі
- 3) Түрекещова Ж.М.- мад тәрбиешісі, комиссия мүшесі.

Комиссия мүшелері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» негізінде, бағалау өлшемшарттарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖБМБС талаптарына сәйкестігіне және мекеменің материалдық базасына талдау жүргізді.

Сонымен бірге білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тексеріліп, бағалау өлшемшарттар негізінде шағын орталықтың қызметі бағаланды.

Шағын орталық мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің сапасы мен нәтижесін тексеруде мына бөлімдер қамтылды:

9. Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына өлшемшарттар:

1. Оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының талаптарына сәйкестігі;
2. Білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламаларына сәйкес іске асыру;
3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын сақтау;
4. Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы;
5. Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау;
6. Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау;

10. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

1. МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы;

11. Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:

2. Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау;
3. Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау;

Комиссия мүшелерінің өзін-өзі бағалау қорытынды анықтамасын жазуда Әдістемелік ұсынымдардың қосымша -1 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалау құрылымы» басшылыққа алынды.

I. Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы

1. Білім беру ұйымының толық атауы

«Ақтөбе облысының білім басқармасының Әйтеке би ауданының білім бөлімі»

Милы бастауыш білім беретін **Білім беру ұйымының орналасқан жері**

(заңды мекенжайы және нақты орналасқан жерінің мекен-жайы)

Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Милы ауылы, Б.Алтынсарин көшесі, 19 құрылыс, пошта индексі 030114

2. Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт)

шағын орталық атауы : «Шұғыла» шағын орталығы

Электрондық пошта: milish20@yandex.kz

тұлға өкілінің байланыс деректері

(басшының Т.А.Ж., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі)

Басшы Шалабаева Жаңагүл Сахиевна аудандық білім бөлімінің 30 қаңтар, 2019ж.

№17-ж/қ бұйрығымен Милы бастауыш білім беретін мектебі коммуналдық

мекемесінің мектеп меңгерушісі болып тағайындалды. Байланыс

телефоны: 87058362650

3. Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары

(заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің және Жарғының көшірмесі қоса беріледі)

Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 19.03.1999 жыл, БСН-990340007953, заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу 16 қаңтар 2021ж, БСН-990340007953. «Ақтөбе облысы әкімдігі» мекемесінің құрылтайшысы болып табылады. "Білім туралы" Заңның 41-бабы мен МДҰ үлгілік қағидаларына сәйкес мекемесінің Жарғысы әзірленген. Мектеп Әйтеке би аудандық әкімдігі 23 желтоқсандағы № 469, 2020 жылғы қаулысымен бекітілген.

4. Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон)

5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметті жүзеге асыру туралы хабарлама Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 28.01.2021 жылы № KZ05RVK00061507

Қосымша -1: Құрылтай құжаттары жалғанды.

2. Кадрлық құрамға талдау

2.1. Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәліметтер немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтер туралы мәліметтер

Талдау: «Шұғыла» шағын орталығы Милы бастауыш білім беретін мектебі мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту қызметін мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығының 1-қосымшасымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» негізінде ұйымдастырады.

Аталған Қағиданың 2-тарауының 22 тармағы бойынша 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары жұмыс жасаған педагогтардың педагогикалық білімі бар немесе тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар. Аталған жылдары базалық білімі жоқ педагогтер жұмыс жасамаған.

2022-2023 оқу жылы

№	Педагогтардың аты–жөні толық	Білімі, оқу орны, аяқтаған жылы	Диплом бойынша мамандығы	Еңбек өтілі	Санаты
1	Толбаева Гулзия Сеитахметовна	Арнаулы орта, Ақтөбе гуманитарлық техникалық әмбебап мультипрофильдік колледжі 2017 жыл	«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»	31	I санат

2023-2024 оқу жылы

№	Педагогтардың аты–жөні толық (құжаттағыдай)	Білімі, оқу орны, аяқтаған жылы	Диплом бойынша мамандығы	Еңбек өтілі	Санаты
1	Толбаева Гулзия Сеитахметовна	Арнаулы орта, Ақтөбе гуманитарлық техникалық әмбебап мультипрофильдік колледжі 2017 жыл	«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»	32	I санат

2024-2025 оқу жылы

№	Педагогтардың аты–жөні толық (құжаттағыдай)	Білімі, оқу орны, аяқтаған жылы	Диплом бойынша мамандығы	Еңбек өтілі	Санаты
1	Толбаева Гулзия Сеитахметовна	Арнаулы орта, Ақтөбе гуманитарлық техникалық әмбебап мультипрофильдік колледжі 2017 жыл	«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»	33	Педагог-модератор

Педагогтардың білімі бойынша:

Оқу жылдары	Барлық педагогтар	Мектепке дейінгі жоғары білім	Жоғары пед.білім	Мектепке дейінгі арнаулы орта білім	Арнаулы орта білім	Пед. білім
2022-2023	1	-	-	1	-	1
2023-2024	1	-	-	1	-	1
2024-2025	1	-	-	1	-	1

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары бойынша мектепке дейінгі арнаулы орта білімді- 100 %, педагогтың диплом бойынша мамандықтары атқарып жүрген қызметіне сәйкес келеді.

ҚОРЫТЫНДЫ: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығының 1-қосымшасымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар

қызметінің үлгілік қағидалары”2-тарауының 22 тармағы (Педагог қызметімен айналысуға педагогикалық немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын тұлға жіберіледі) талаптарына сәйкес.

Жас ерекшелігі бойынша:

Оқу жылдары	Педагогтар саны	20-30 жас	30-40 жас	40-50 жас	50-60 жас	60-тан жоғары жас
2022-2023	1	-	-	-	1	-
2023-2024	1	-	-	-	1	-
2024-2025	1	-	-	-	1	-

Қорытынды: Педагогтардың жастары бойынша ұжымда жұмыс жасайтын педагогтың жас құрамы 50-60 жасты құрайды. Жас маман жоқ.

Еңбек өтілі бойынша:

Оқу жылдары	Педагогтар саны	0-5 жылға дейін	5-10 жылға дейін	10-15 жылға дейін	15-тен 20 жылға дейін	20 жылдан жоғары
2022-2023	1	-	-	-	-	1
2023-2024	1	-	-	-	-	1
2024-2025	1	-	-	-	-	1

Қорытынды:

Еңбек өтілдері бойынша.20 жылдан жоғары болуы мекемеде тұрақты жұмыс істеп келе жатқан маман .

2.2. кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/распау туралы мәліметтер

«Шұғыла» шағын орталығының педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру жұмыстары «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығымен (өзгерісі 30.12.2022ж.№533) бекітілген «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары» басшылыққа алынып жүргізіледі.

Біліктілік санаты бойынша:

Оқужылдары	Жалпы саны	жоғары	I	II	Санат ыжоқ	Педагог-Зерттеу	Педагог-Сарапшы	Педагог-Модератор
2022-2023	1	-	1		-	-	-	
2023-2024	1	-	1		-	-	-	
2024-2025	1	-			-	-	-	1

ҚОРЫТЫНДЫ: кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/распау талабына сәйкес.

2.4. кемінде үш жылда бір рет педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер.

Біліктіліктің арттыру курстары:

Шағын орталық тәрбиешісі өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерге ие болуы, өзінің кәсіби шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіру мақсатында үш жылда бір рет біліктілік арттыру курстарынан өтіп отырған.

Курстан өткен тәрбиеші көрсеткіші

Оқу жылдары	Педагогтар саны	«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы	ПШО (ЦПМ) педагогикалық шеберлік орталығы	Инклюзивті білім беру бойынша	%
2022-2023	1	1	-	-	100%
2023-2024	1	1	-	-	100%
2024-2025	-	-	-	-	

2022-2023 оқу жылы

№	Педагогтар аты-жөні	Педагогтердің біліктілігін арттыру оқу орны, өткен мерзімі	Тақырыбы, сағат саны
1	Толбаева Гулзия Сейтахметовна	ҚР Білім және ғылым министрлігі "Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы" АҚ Ақтөбе қаласы. 21.09.2021ж.	«Педагогтердің цифрлық құзіреттілігін дамыту» тақырыбында (80 сағаттық)

2023-2024 оқу жылы

№	Педагогтар аты-жөні	Педагогтердің біліктілігін арттыру оқу орны, өткен мерзімі	Тақырыбы, сағат саны
1	Толбаева Гулзия Сейтахметовна	ҚР Білім және ғылым министрлігі "Өрлеу" біліктілікті арттыру ұлттық орталығы" АҚ Ақтөбе қаласы. 16.02.2023ж.	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзіреттілігін дамыту (72 сағат)

ҚОРЫТЫНДЫ: педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер үш жылда бір рет біліктілік арттыру курстарынан өтіп отырған.

3. Тәрбиеленушілер контингенті

3.1. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын сақтау.

«Шұғыла» шағын орталығы тәрбиелеу мен оқыту қызметін мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің тәртібіне айқындайтын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен 1-қосымшасы бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» негізінде ұйымдастырады.

Өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары мен мекеме Жарғысын және Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

Мектепке дейінгі ұйымның түрі: шағын орталық – кіші жастағы және мектеп жасына дейінгі топтардың болуын қарастырады.

Шағын орталықтың жұмыс тәртібі 5 күндік жұмыс аптасымен белгіленген. Балабақшаның жобалық қуаты -25, бүгінгі күні бала саны – 7, топтар жас ерекшелігі бойынша жасақталған.

Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, қажеттіліктері мен қабілеттеріне сәйкес білім,білік және өз бетінше үйрену дағдыларын қалыптастыру, рухани-адамгершілік құндылықтарын, ұлттық салт-дәстүрлері мен ұлттық адамзаттық құндылықтарды, патриотизм мен төзімділікті тәрбиелеу.

Міндеттері:

- 1) тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау;
- 2) сапалы мектепалды даярлықты қамтамасыз ету;
- 3) тәрбиеленушінің толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен тығыз ынтымақтастықта болу;
- 4) ата-аналарға тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулығын сақтау бойынша консультативтік және әдістемелік көмек көрсету;

Шағын орталыққа тәрбиеленушілерді қабылдау ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығымен (өзгерісі ҚР Оқу-ағарту министрінің 18.11.2022 № 464) бекітілген «Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары»ның 2-параграфы "Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсету тәртібіне сәйкес электрондық форматта арқылы жүзеге асырылады. Барлық қабылдау құжаттары реттелген. Келген балалар құжаттарын қабылдау ережесі, балалар қозғалыс кітабы, жолдамаларын тіркеу журналы талапқа сай жүргізілген. Барлық құжаттар нөмірленген және тігілген.

Қабылданған балалардың ата –анасымен(заңды өкілімен) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығына 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған білім беру қызметін көрсетудің үлгілік шарты» талабына сәйкес *екі жақтық шартқа* отырғызылады. *Шарттың мәні* мектепке дейінгі білім беру ұйымы мен баланың ата-анасы, өзге де заңды өкілдері арасында баланың мектепке дейінгі ұйымда болған кезеңінде тараптардың құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ, тәрбиеленушіні тәрбиелеу мен оқытуға өзара жауапкершілік тетігін белгілей отырып, өзара қарым-қатынасты реттейді. Шартта мекеменің және ата-ананың міндеттері мен құқықтары көрсетілген.

Шағын орталық *өз қызметін келесі кезеңдер бойынша ұйымдастырады:*

- 1) Оқу жылы ҚР Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру кезеңі болып табылады.
- 2) Жазғы сауықтыру кезеңі 1 маусым мен 31 тамыз аралығында ұйымдастырылады;
- 3) Оқу жылының 1-31 тамыз аралығында тәрбиеленушілердің ағымдағы жылдағы толық жасын ескере отырып, тәрбиеленушілерді бір жас тобынан басқасына ауыстыру жүзеге асырылады;
- 4) Шағын орталықты жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

Педагог еңбегін бағалау жұмысы жақсы жолға қойылған. марапаттаулар мен қатар аудандық, облыстық марапаттарға ие. Қызмет бабында жазаланған педагогтар тіркелмеген. Ұжым арасында салауатты моральдық- психологиялық ахуал қалыптасқан.

3.2. Жасына байланысты, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер контингенті туралы мәліметтер.

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 жылдар аралығында «Шұғыла» шағын орталығында ерекше білім беруді қажет ететін тәрбиеленуші жоқ.

3.4. Білім алушылар (тәрбиеленушілер) контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер

Мектепке дейінгі ұйымға тәрбиеленушілер 2 жастан бастап қабылданады. Әр оқу жылының басында тамыз айында өз жастарына сәйкес топтарға бекітіліп, 4 жасқа

толғанда ересек тобынан шығарылады. Тәрбиеленушілерді қабылдау және есептен шығару өз мерзімінде жүргізілген.

Оқу жылы	Қабылданған бала саны	Оның ішінде жасы бойынша		
		2 жас	3 жас	4 жас
2022-2023 оқу жылы		1	8	-
2023-2024 оқу жылы		1	2	7
2024-2025 оқу жылы		1	1	4

ҚОРЫТЫНДЫ:Тәрбиеленушілерді қабылдау және есептен шығару өз мерзімінде жүргізілген.

3.6.Тәрбие және оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:

-балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау.

2022-2023,2023-2024,202-2025 оқу жылдарында балалар білім беру ұйымына 2 жастан бастап қабылданған. Жас ерекшеліктері сәйкес келеді. тәрбиеленушілерді бір жас тобынан басқасына ауыстыру тәрбиеленушінің ағымдағы күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, ағымдағы жылғы 1-31 тамыз аралығында жүзеге асырылады

4.Оқу-әдістемелік жұмыс

4.1. жұмыс оқу жоспарлары мен ұйымдасқан қызметтің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкестігі;

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары аралығындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үшін құрылған оқу жұмыс жоспарларындағы білім беру салалары мен ұйымдастырылған оқу қызметінің мектепке дейінгі ұйымның МЖМБС талаптары мен ҰОЖ талаптарына сәйкестігі тексерілді. Аталған жылдардағы барлық оқу жұмыс жоспарлары, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестелері мекеме басшысымен бекітілген, мекеменің мөрімен куәландырылған.

Тәрбиеленушілердің апталық оқу жүктемесінің көлемі ұзақтығы мен ұйымдастырылған оқу қызметі санитарлы—гигиеналық нормалар мен ережелер талаптарына сәйкес келеді.

«Шұғыла»тәрбиелеу-білім беру қызметін ұйымдастыруда:

2022-2023 оқу жылы

2022-2023 оқу жылында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жұмыстық оқу жоспарыҚазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»1 қосымшасы негізінде және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрығымен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес құрылған.

Ұйымдастырылған оқу іс –шараларының кестесі жасалып бекітілген. Осы аталған оқу жылдарындағы оқу жұмыс жоспарлары талапқа сай құрылған.

Ұйымдастырылған оқу іс –шараларының кестесі жасалып, мектеп меңгерушісімен бекітілген.

ҚОРЫТЫНДЫ:

Балабақшаның 2022-2023 оқу жылындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың**оқу жұмыс жоспарлары,білім беру салалары және ұйымдастырылған оқу қызметі**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға

міндетті стандарты»1 қосымшасы талаптары мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрығымен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары талаптарына сәйкес құрылған.

2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары

2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жұмыстық оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген “Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты” және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (ҚР Оқу-ағарту министрінің **09.09.2022 № 394** бекітілген сәйкес құрылған.

- 1- қосымша. Бөбек жасындағы балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары;
- 2- қосымша. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары;
- 3- қосымша. Мектепке дейінгі ұйымдағы мектепалды топқа / мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сыныпқа арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары; (5 жастағы балалар)

Аталған оқу жылдарында негізгі міндеттер белгіленген, ол мынадай бағыттарды қамтиды:

- 1) әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру;
- 2) балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- 3) тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;
- 4) Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу; баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда ойын арқылы оқыту, түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту қағидаларын басты назарда ұстаған.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

«Шұғыла» шағын орталығы

педагогикалық ұжымы тәрбиелеу білім беру процесін

- перспективалық жоспары;
- циклограммасы;
- бала дамуының мониторингі арқылы іске асырады.

Перспективалық жоспарды ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша тәрбиешілер оқу жылы басталғанға дейін жылына жасап, мекеме басшысымен бекіттірген. Перспективалық жоспарда әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттердің Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бір айға міндеттері айқындалған. **Циклограмманың** ұйымдастырылған іс-әрекет бөлімінде мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізілетін денешынықтыру, қазақ тілі, сауат ашу негіздері және музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері толтырылған. *Циклограмма* әр аптаға құрылған, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етеді. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылған. Балабақша топтарының циклограммалары:

- аптаның әрбір күніне Перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықталған;
- әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтай отырып жасалған;
- балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологиялар, әдістер мен тәсілдер қолданылған;
- әрбір балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы заттық дамытушы орта құрылған.

Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді. Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып ән айтуға, музыка тыңдауға, әндерді жаттатуға, импровизацияға, музыкамен ырғақты қозғалыстарға, шулы балалар аспаптарында ойнауға және музыкалық іс-әрекеттің басқа түрлеріне уақыт бөлінген.

Циклограмма әр аптаға құрылған, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етілген. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылған.

Қорытынды:

Мектепке дейінгі ұйымының 2022-2023 оқу жылындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жұмыс жоспарлары, білім беру салалары және ұйымдастырылған оқу қызметі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген “Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты” талаптары мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығына 1-қосымша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары талаптарына сәйкес құрылған.

ҚОРЫТЫНДЫ: 2021-2022 оқу жылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы “Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 412 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» негізделген.

2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары

2022-2023, 2023-2024 оқу жылындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен (ҚР Оқу-ағарту министрінің 14.10.2022 жылғы № 422 бұйрығымен) бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» негізделген.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту мақсаты: жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру, баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді беру болып табылады.

Бағдарламаның мазмұны бағытталған:

- ✓ дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруға;

- ✓ балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуге, қолдың ұсақ моторикасын, командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуға;
- ✓ тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуге;
- ✓ өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасауға;

Балабақшада мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандарты мен Үлгілік оқу жоспарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнында:

- 1) тәрбиелеу-білім беру процесінің міндеттерін іске асыру;
- 2) ұйымдастырылған іс-әрекеттің мазмұны;
- 3) білім беру іс-әрекетін тиімді кіріктіру;
- 4) сабақтастық принциптерін, тәрбие мен оқытудың үздіксіздігін қамтамасыз ету;

5.3. Жиһаз және жабдықтармен қамтылу туралы ақпарат. Шұғыла шағын орталығында тәрбиеленушілердің дамуы мен білім алуына барлық жағдай жасалған.

Бөлмеге арналған жабдықпен жиһаз: Жазу үстелі-1, орындық -1, кітап сөресі-1, балалар орындығы-25, ойыншықтарға арналған шкафтар-2, маркерлік тақта-1, балалар жұмыстарына арналған стенд-1, ыдысқа арналған шкаф-1, жуғыш заттарға арналған-1, балалар киіміне арналған шкаф-15, орамалға арналған-15, шаңсорғыш-1, кезекшілерге арналған алжапқыш-1, балалар орындығы-2, (скамейка) кілемшелер-2.

Шағын орталықта балалардың жас ерекшеліктеріне сай жабдықталып, безендірілген, қажетті көрнекілік құралдарымен қамтамасыз етілген. Топтағы заттық-дамыту орталықтары жас ерекшеліктеріне сай құрылған, мектепке дейінгі тәрбие оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістік дамытушы орта ретінде құрылған.

Топтағы заттық-дамыту орталықтары төмендегідей жиһаздармен жабдықталған: балалардың жасына байланысты парталар мен отырғыштар, мұғалім үстелі мен отырғышы, тақта, кітаптар мен құрал-жабдықтар қоятын сөрелер, стендтер.

Балалардың денсаулығын және өмірін сақтаудағы қауіпсіздік ережелері қатаң сақталған. Ата-аналарға арналған ақпарат бұрыштары, жылжымалы папкілер бар. Онда ата-аналарға арналған педагогикалық және дәрігерлік кеңестер мен хабарландырулар, балалардың жеткен жетістіктері туралы ақпарат берілген. Топтарда «Шаштараз», «Дәріхана» бұрышы, сонымен қатар «Табиғат», «Біз кезекшіміз» бұрыштары орнатылған. Сюжеттік-рольдік ойындардың құрал жабдықтары жинақталған, бөлме өсімдіктері өсеріледі. Топта балалардың ой-өрісін, тілдерін дамыту мақсатында мозайка, үстел үсті және әр-түрлі құрастырмалы ойыншықтар жинағы бар. Театрлық іс-әрекеттерін және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында драматизациялауға арналған қуыршақтар, үстел үсті театрлар, көлеңкелі театрларының атрибуттары жинақталған. Топ тәрбиешілерінің көрнекіліктері эстетикалық талғамға сай жасалған.

Пәндік-кеңістік дамытушы орта бес білім беру саласына негізделген, балалардың тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін, жас ерекшеліктеріне сәйкес төмендегідей бөлінген.

2) *«Таным» саласы бойынша:* - «Апта күндері», «Көңілді санамақтар», «Мынау қай пішін?» және т.б. сергіту жаттығулары; - «Көп және біреу», «Бөлмедегі саяхат», «Көршісін тап», «Көлеңкесін тап», «Өз ұяшығында тап» және т.б. математикалық қабілеттерін қалыптастыруға арналған картотекалар: үлестірмелі карточкалар, сандар, домино, дойбы, геометриялық пішіндер, «Төрт түлік», «Жабайы жануарлар», «Құстар», «Көліктер» және т.б. суреттер жиынтығы бар.

3) *«Қатынас» саласы бойынша:* - «Кемпірқосақ», «Бақшада» және т.б. тілге аналған жаттығулар картотекасы; үлестірмелі карточкалар, әріптер, буындар, дыбыстық талдауға арналған текшелер, мозайкалар, балалар компьютері бар.

4) *«Шығармашылық» саласы бойынша:* «Ою құрастыру», «Қай аспап жоқ?», «Әдемі гүлдер», «Аспап үнінен тап», «Бізге келген қонақтар», «Тыңда айт» және тағы басқа ойын картотекасы бар. Сонымен бірге акварель бояулар, гуашь, қылқаламдар, түрлі түсті

қарындаштар, ермексаздар, құм, пішіндер, мозайкалар, конструкторлар, бастыру трафареттері, боямақтар, лепбук, балаларға арналған музыкалық аспаптар, саз сырнайлар, домбыра, гитара, сылдырмақтар, микрофон бар.

5) «Әлеумет» саласы бойынша: - «Жолда жүру ережесі» бұрышы, «Менің кішкентай бауырларым», «Аспан әлемі», «Дәрумендер» және т.б. әңгімелесуге арналған картатекалар, «Жол ережесін білесің бе?», «Мен көшедемін», «Мен үйдемін» және т.б. картатекалар жиынтығы бар.

Сонымен қатар балалардың ойлау қабілеті, дұрыс сөйлеуі мен бір-біріне қатынастарын арттыру мақсатында «Емхана», «Асхана», «Шаштараз» және т.б. сюжетті-рөлді ойындар бұрышы, «Оқуға құштар мектеп» атты кітаптарбұрышы ұйымдастырылған. «Үстел үсті театры», «Саусақ театры», ертегілерге байланысты картоннан жасалған бетперделер бар.

Табиғат бұрышында балалар бөлме өсімдіктеріне қарауға мүмкіндік жасалған. Қарағай бүрлері, құм, дәндер, жапырақтар және түрлі табиғи материалдар бар.

Баланың танымдық, сөйлеу, шығармашылық іс-әрекетін, коммуникативтік қабілеттерін қалыптастыру үшін қолданылатын дидактикалық оқу құралдары мен үлестірмелі материалдар жеткілікті және эстетикалық талғамға сай.

ҚОРЫТЫНДЫ:Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген “Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары” талаптары сақталған.

6. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

«Шұғыла» шағын орталығында қазіргі заманға сай ақпараттық-техникалық база қалыптасқан. Соның ішінде интернет жүйесі, электронды пошта milish20@yandex.kz іске қосылған.

*Кітаптар атауы:*Әй әй әліппе -1, магнитті әліппе -1,магнитті математика-2, Ерте ерте ертеде-1, мен тұратын үй-3, ертегі кітапшалар-2, қызыл телпек-1, Мақта қыз бен мысық , бөбектерге арналған қызықты ертегілер, Қарынбай. Қасқырдың қамқорлығы,Ырыс алды ынтымақ Өнегелі ертегілер , Сиқырлы скрипканың ертегілері ,Шалқан ертегісі , Қуырмаш, Жыл он екі ай ,Тазалық әліппесі ,Түймеқыз.

*Топтағы жабдықтар:*Мектепке дейінгі ұйым топтарында демонстрациялық материалдар,үлестірмелі құралдар, жолда жүру ережесінің плакаттары,үй жануарлары және жабайы аңдар, гүлдер,құстар,мәдени-гигиеналық шараларға арналған көрнекіліктермен жабдықталған. Мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен анықталған нормативтерге сәйкес тәрбиеленушінің физикалық, интеллектуалдық және жеке дамуы үшін шағын орталықта әдістемелік және балалар әдебиеттері бар. Балалардың ой-өрісін, танымдық қабілеттерін дамытатын «Қазақстандағы жануарлар әлемі», «Табиғат ғажайыптары» , «Құстар әліппесі», «Даналық сөздер», «Атадан өсиет, анадан қасиет» кітапшалары, математикалық және ойлау қабілеттерін дамытатын «Санап үйренеміз», «Он көлеміндегі сандар», «Логика» т.б. кітаптары, «Қазақ ертегілері», «Ақылды ертегілер», «Бөбектерге арналған қызықты ертегілер», «Қазақ халық ертегілері» және т.б. көптеген ертегі кітаптары мен суретті кітапшалары бар.

Мектепке дейінгі ұйым топтары ойын материалдары мен құрал—жабдықтармен толық қамтылған. Мектепке дейінгі ұйымда проектор және экран бар. Қосымша әдебиеттер қорының саны жеткілікті.

Мектепке дейінгі ұйымда әдістемелік кабинет заман талабына сай жиһаздармен, компьютермен, әдістемелік әдебиеттер және балалар көркем әдебиеттерімен, дидактикалық ойындармен жабдықталған

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2016 жылға 22 қаңтардағы №70 бұйрығына сәйкес балабақшадағы оқу әдістемелік кешендер тізімдемесі жасалды.

7. Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау

7.1. Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің оқыту нәтижелерінің болуы

Талдау:

2022-2023 оқу жылы

2022-2023 оқу жылында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру деңгейі бойынша білім беру салаларының мониторингісі мектепалды даярлық топтар бойынша балалардың жеке даму картасында түзету шараларының бастапқы нәтижесі нақты берілген, балалардың біліктері мен дағдыларының даму динамикасы бағаланған. Мониторинг педагогтің балалардың түрлі жас кезеңдерінде Үлгілік бағдарламада айқындалған күтілетін нәтижелерге жету деңгейлерін және баламен жеке жұмыс жүргізуде педагогтің алдағы іс-әрекетін айқындауға мүмкіндік береді.

Тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау жүргізілген. Бақылау парақтарында балалардың біліктері мен дағдыларды игергендігі анықталған. Тәрбиеленушілер үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген әрбір білім саласындағы жас топтары мен ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша білім, білік, дағдылар көлемін және құзыреттіліктерді игерген. Оқытудың нәтижелері шығарылып тәрбиеленушінің жасына сәйкес оның жетістіктерін мониторингілеу негізінде үлгілік оқу бағдарламасында күтілетін нәтижелер түрінде анықталған. Бала осы немесе басқа білім мен әрекетті жаңғыртады, белгілі бір білім қорына ие және өзінің әрекетін түсінеді, өзінің білетіні мен қолынан келетінін қолданады, білім, білік, дағдыларды дербес және шығармашылықпен қолданады деңгейлерін игерген.

7. Білім беру процесіне қатысушылардың және т.б. сауалнамасы

Ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау бойынша білім беру процесіне қатысушылардың сауалнамасының нәтижелерін талдау

Талдау:

«Шұғыла» шағын орталығында 2025 жылдың 20 ақпанда ата-аналар арасында телеграмм әлеуметтік желісінде сауалнама жүргізілді. Сауалнама 13 сұрақты қамтып, 5 ата-анасы толықтай жауап берді.

Нәтижесі:

Ата-аналарымен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	сұрақтар	толық келісемі н	келісемі н	келіспеймін	толық келіспеймін
1	Сіздің балаңыз балабақшаға қуана барады	5	0	-	-
2	Топта баланың оқуы мен өмірі үшін қолайлы атмосфера бар	5	0	-	-
3	Сіз топ тәрбиешілерінің қызметіне қанағаттанасыз	5	0	-	-
4	Сіз мектепке дейінгі ұйымның басқа мамандарының (музыкалық жетекші, қазақ, орыс тілі педагогы, педагог-психолог, арнайы педагог) қызметіне қанағаттанасыз		5	-	-
5	Мұғалімдер этика нормаларын, педагогикалық әдептілік пен балалармен қарым-қатынастағы әділеттілікті сақтайды	5	0	-	-
6	Сіз балаңыздың дамуын байқайсыз ба	4	1	-	-
7	Мектепке дейінгі ұйымның оқыту және тәрбие жұмысы баланы мектепке дайындауға ықпал етеді	4	1	-	-

8	Балалардың тамақтануы талапқа сай және мектеп жасына дейінгі балалар үшін теңдестірілген	-	0	-	-
9	Сіз балаңыздың жетістіктері мен мінез құлқы туралы ақпараттандыру сапасына қанағаттанасыз	5	0		-
10	ата-аналарымен мектепке дейінгі ұйым мамандары: медицина қызметкері, психолог, қазақ немесе басқа тіл мұғалімі, музыка жетекшісі және т. б. балаңызды дамыту, тәрбиелеу және оқыту мәселелерінде консультациялық көмек көрсетіледі.	-	5		-
11	Сіз балабақша жұмысын ұйымдастыруға қуаныштысыз	4	1	-	-
12	Сіз мектепке дейінгі ұйымға материалдық көмек көрсетесіз бе	-	-	5	
13	Егер сіз жауаптардың кез келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе мектепке дейінгі ұйым туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе мектепке дейінгі ұйымның жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар бергіңіз келсе, мына жерді көрсетіңіз. Егер сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз.	-	5	-	-
	Барлығы:	64,6%	27,6%	7,6%	0 %

Тәрбиеленушілердің ата-аналарынан (немесе заңды өкілдерінен) сауалнама нәтижелерін зерттеу көрсеткендей, балабақшаның қызметіне ата-аналар пікірін білдіріп, сауалнама мазмұнын түсініп, өз ықыластарымен толтырды. Балабақшаның жұмысының жоғары деңгейдің көрсеткіші – 64,6% құрады. Сауалнаманы талдай отырып, мынадай қорытынды анықталды:

№	Қатысқан ата-ана саны	Толық келісемін	Келісемін/ия	Келіспеймін/жоқ	Толық келіспеймін
1	5	64,6%	27,6%	7,6%	0 %
		99,8% - 5			

«Шұғыла» шағын орталығында 2025 жылдың 20 ақпанда педагогтар арасында телеграмм әлеуметтік желісінде сауалнама жүргізілді. Сауалнама 19 сұрақты қамтып, 1 педагог толықтай жауап берді.
Нәтижесі:

Педагогтармен жүргізілген сауалнама қорытындысы

№	сұрақтар	толық келісемін	келісемін	келіспеймін	толық келіспеймін
1	Мектепке дейінгі ұйымның жұмысы уақыт талаптарына сәйкес келеді, инновация режимінде өтеді	1	0	0	0
2	Педагогтерге білім беру процесіне белсенді қатысу және біліктілігін арттыру үшін жағдайлар жасалған	1	0	0	0
3	Педагогтар тиімді әдістемелік көмек алады	1	0	0	0
4	Мұғалімдер эмоционалды-психологиялық	0	1	0	0

	қолдау алады				
5	Оқыту мен тәрбиелеудің сапалы процесін ұйымдастыру үшін жағдайлар жасалған		1	0	0
6	Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарынан уақтылы өтуі үшін жағдайлар жасалған	1	0	0	0
7	Еңбек жағдайлары Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес келеді	1	0	0	0
8	Әкімшіліктің жұмыс стилі мұғалімдердің өзін-өзі дамытуына және өзін-өзі бекітуіне ықпал етеді	0	1	0	0
9	Тәрбиеленушілер, ата-аналар, мұғалімдер арасындағы жанжалдардың алдын алу және шешу бойынша тиімді жұмыс жүргізілуде	0	1	0	0
10	Оқу-материалдық база тәрбиеленушілердің дамуына жағдай жасауға ықпал етеді	1	0	0	0
11	Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал бар	0	1		0
12	Тамақтану сапасы талапқа сай және мектеп жасына дейінгі балалар үшін теңдестірілген	0	1	0	0
13	Өріптестер мейірімді және әрқашан көмектесуге дайын	1	0	0	0
14	Сапалы оқыту процесін жүргізу үшін оқу-әдістемелік және техникалық құралдар базасы құрылды	1	0	0	0
15	Әр мұғалімнің кәсіби және шығармашылық өсуіне жағдай жасалған	1	0	0	0
16	Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі жұмыста педагогтарды көтермелеуді қолданады	1	0	0	0
17	Ата-аналар топ педагогтарының жұмысына қанағаттанады	0	1	0	
18	Мектепке дейінгі ұйымда ереже белгіленген-тексерушілер үшін акша жиналды	0	0	1	0
19	Егер сіз жауаптардың кез-келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе мектепке дейінгі ұйым туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе ұсыныстар бергіңіз келсе, осында көрсетіңіз. Егер сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз.	0	1	0	0
Барлығы:		52,6%	41,1%	5.2%	0 %

№	Қатысқан педагогтер саны	Толық келісемін	Келісемін/ия	Келіспеймін/жоқ	Толық келіспеймін
1	1	52,6 %	42,1%	5.2%	0 %
99,9 % - 1					

Қосымша -12: Жүргізілген сауланама нәтижесі берілген кесте бойынша анықтамаға қоса жалғанады.


ҚОРЫТЫНДЫ:

1. «Шұғыла» шағын орталығының өзін-өзі бағалау барысында жүргізілген жұмыс қорытындысы бойынша білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келеді.

2. Өзін-өзі бағалау жұмысы барысында шағын орталықтың оқу-тәрбие үрдісінің ұйымдастырылуы мен педагогтардың кәсіби қызметтеріне даярлығы бойынша анықталған көрсеткіштерге сәйкес келеді.

3. Өзін-өзі бағалау бойынша қаралған жұмыстың құжаттарының көшірмелері талап етуші орынға дайындалды.

Комиссия мүшелері:

- 1) Комиссия төрағасы :  Шалабаева Ж.С.
- 2) Комиссия мүшесі :  Толебаева Г.С.
- 3) Комиссия мүшесі :  Түрекешова Ж.М.

